

Дипломаттық дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыз № 941 Жарлығы.

Ескерту. Жарлықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңының 11-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Дипломаттық дәрежелерді беру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы 29 тамыз
N 941 Жарлығымен
бекітілген

Дипломаттық дәрежелерді беру қағидалары

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне (бұдан әрі – қызметкерлер) дипломаттық дәрежелерді беру тәртібін регламенттейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі

2. Қызметкерлерге мынадай дипломаттық дәрежелер беріледі:

- 1) атташе;
- 2) үшінші хатшы;
- 3) II сыныпты екінші хатшы;
- 4) I сыныпты екінші хатшы;
- 5) II сыныпты бірінші хатшы;

- 6) I сыныпты бірінші хатшы;
- 7) II сыныпты кеңесші;
- 8) I сыныпты кеңесші;
- 9) II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 10) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 11) Төтенше және Өкілетті Елші.

3. Жоғары дипломаттық дәрежелерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Жоғарыда санамаланған дипломаттық дәрежелерді беруге ұсынысты Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын іске асыруға қатысу тиімділігін және Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саяси бастамаларын іске асыруға қатысу тиімділігін ескере отырып енгізеді.

Төтенше және Өкілетті Елші дипломаттық дәрежесі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты өкілі лауазымында кемінде екі жыл дипломатиялық қызмет стажы бар дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломаттық дәрежесі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты өкілі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары лауазымдарын атқаратын дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломаттық дәрежесі Сыртқы істер министрлігінің комитет төрағасынан, ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісінен, департамент директорынан, Қазақстан Республикасының сенімді өкілінен, Қазақстан Республикасының бас консулынан төмен емес лауазымды атқаратын дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

Басқа дипломаттық дәрежелерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері немесе құрылымдық бөлімшелері басшыларының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі береді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2011.03.04 № 1167 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

4. Қызметкерлер үшін дипломаттық дәрежелерде болудың мынадай мерзімдері белгіленеді:

- 1) атташе, үшінші хатшы, II және I сыныпты екінші хатшы үшін - екі жыл;
- 2) II және I сыныпты бірінші хатшы, II сыныпты кеңесші үшін - үш жыл;

I сыныпты кеңесшіден бастап және одан жоғары дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдері белгіленбейді.

5. Қызметкерлердің дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдеріне:

1) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіндегі және оған ведомстволық бағынысты ұйымдардағы жұмыс;

2) шет елдердегі мекемелердегі жұмыс;

3) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының аумағындағы өкілдіктеріндегі жұмыс;

4) бұрынғы КСРО мен одақтас республикалардың сыртқы істер министрліктеріндегі жұмыс;

5) халықаралық ұйымдардағы жұмыс;

6) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жоғары оқу орындарындағы және ғылыми мекемелеріндегі оқытушылық, ғылыми қызмет;

7) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің желісі бойынша оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілікті арттыру;

8) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жоғары оқу орындарына, аспирантураға, докторантураға және ғылыми мекемелерге уақытша жіберген адамдардың оқу мерзімі есептеледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

6. Қызметкерге дипломаттық дәреже беру атқаратын лауазымы, жұмыс стажы және біліктілігі ескеріле отырып, оңды мінездемесі болған жағдайда, реттілікпен жүргізіледі.

Дипломаттық дәрежелер "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, өмір бойына сақталады.

7. Дипломаттық дәрежелер берілу реттілігіне қарай бірінші және кезекті болып бөлінеді.

8. Бірінші дипломаттық дәреже заңнамада белгіленген тәртіппен дипломатиялық қызмет органдарында штаттық дипломатиялық қызметке орналасқаннан кейін білімі, стажы және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі ескеріле отырып беріледі.

Қызметкердің дипломаттық дәрежесі, әдетте, дипломатиялық қызметте атқаратын лауазымына сәйкес болуы тиіс.

9. Кезекті дипломаттық дәреже атқаратын лауазымы, бұрынғы дипломаттық дәрежеде болу уақыты, мінездемесі және қызметкердің соңғы аттестаттау нәтижесі ескеріле отырып беріледі.

10. Осы Қағидалардың 3-тармағының алтыншы бөлігінде көрсетілген лауазымды адамдар қызметкерді тиісті дипломаттық дәрежеде болу мерзімі өткенге дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей кезекті дипломаттық дәреже беруге ұсынуға міндетті.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

11. Қызметкердің өзіне жүктелген міндеттерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланғаны, қызметтік тәртіпті бұзғаны үшін қызметкерге дипломаттық дәрежені беруді бір жылға дейін кідірте тұру түрінде тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

12. Дипломаттық дәрежені беруді бір жылға дейін кідірте тұру түрінде жаза қолдану туралы шешім "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес қабылданады.

13. Қызметкерді кезекті дипломаттық дәреже беруге қайтадан ұсыну тек кідіріс мерзімі өткеннен кейін ғана жүргізіледі.

14. Тәртіптік жазасы бар немесе оған қатысты қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан қызметкерлерді тәртіптік жазасы алынғанға немесе қызметтік тексеру біткенге дейін кезекті дипломаттық дәреже беруге ұсыну жүргізілмейді.

15. Дипломаттық дәрежені беру туралы ұсынымда:

- 1) білімі;
- 2) кезекті дипломаттық дәреже берілген жағдайда, бұрынғы дипломаттық дәрежесі;
- 3) дипломатиялық қызмет органдарындағы жұмыс стажы;
- 4) қызметкердің кәсіби қызметінің бағасы, іскерлік, моральдық қасиеттері көрсетілуі тиіс.

3. Қорытынды ережелер

16. Дипломаттық дәрежелерді беру тиісті куәліктерді тапсырумен және қызмет тізіміндегі (еңбек кітапшасындағы) жазбамен расталады. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру кезінде куәлікпен бірге қосымшаға сәйкес нысандағы " Төтенше және Өкілетті Елші" төсбелгісі беріледі.


Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 26.06.2019 № 30 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы 29 тамыздағы
№ 941 Жарлығымен бекітілген
Дипломаттық дәрежелерді беру
қағидаларына
ҚОСЫМША

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

"Төтенше және Өкілетті Елші" төсбелгісі

Ескерту. Ереже қосымшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 26.06.2019 № 30 Жарлығымен.



Материалы:

- сары түсті металл
(алтын жалатылған СrМ 925 күміс)

Эмальдары:

- көгілдір 68754;
- жасыл 1820.

Бекітпесі:

- ине-цанга

Аверс



Реверс

